

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Зигмунд Фрейд «Тылсым» (жалғасы)





Біз Фрейд және оның «Тылсым» атты еңбегі жайлы дәрісімізді жалғастырамыз. «Тылсым» – Фрейдтің 1914 жылы жазған танымал эссесі, онда ол бейсаналықтың жұмысын түсіндіруге тырысады.

Фрейдтің жұмысының атауы неміс тілінде (дас унхэмлихе)/«Das Unheimliche» деп аталады. Оны қазақ тіліне «табиғаттан тыс» немесе «тылсым» деп аударуға болады, яғни бұл бөгделік пен құпия қасиеттерге ие, алаңдаушылық пен қорқыныш сезімін тудыратын құбылыс. Тылсымды қабылдаудағы когнитивтік диссонанстың әсерінен туындаған қорқыныш. Психиатр ретінде Зигмунд Фрейд ертеректе танымал болған, бірақ ығыстыру механизмімен санамыздан ығыстырылған, тылсымға назар аударады. «Ығыстыру» терминінің авторы неміс психиатры Эрнст Йенч болды.

Тылсым – психоанализ негізіндегі эстетикалық санат. Бұл тұжырымдама құпия мен алаңдаушылық сезімдерін тудыратын атмосфераны немесе елестер мен ғажайып құбылыстарды сипаттайтын, әдебиет мотивтерінде қолданылатын, әдеби сынның термині ретінде қабылданады. Тылсым санат ретінде, сонымен қатар, мәдени зерттеулер терминологиясында, мәселен, кино, сын, әдебиеттану салаларында да пайдаланылады.

Фрейдтің осы көзқарастарына түсініктеме берейік, атап айтқанда, Фрейдтің «Тылсым» атты еңбегіндегі невроздардың пайда болу себептеріне қатысты жасаған психоаналитикалық зерттеулеріне тоқталайық.

Фрейд тұжырымдамасындағы ең кең тараған тақырып, ол – жыныстық құштарлық. Оның пікірінше, бұл адам қызметінің негізгі көзі және адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Либиго немесе Фрейдтің сексуалдық құштарлығы кең ауқымдағы өмірге деген сүйіспеншілік, өмірлік процесс және махаббат, яғни сөздің ең тура мағынасындағы түсініктемеге ие. «Тылсым» жұмысы – оның өнерге деген алғашқы үндеуі емес. «Сексуализм психологиясы туралы очеркінде» Фрейдтің сексуалдық жөніндегі ерте және кеш туындылары біріктірілді. Мұнда адамдық сексуалдық мәселелер зерттеледі. Фрейдтің адам сексуализмінің теориясы ең көп сынға алынатынын атап өткен жөн. Фрейдтің психоаналитикалық әдістемесі «Тылсым» еңбегінде күнделікті тәжірибедегідей емес, көркем әдебиет мысалы ретінде қолданылады. Ал кейінірек Фрейд жиі жазушылар өміріне және әлем әдебиеті шығармаларына сілтеме жасайды. Фрейд өзінің әдеби шығарманы немесе мәтінді өз психоанализі тәсілімен зерттей бастағанда, ол әлемдік интерпретация беруге ұмтылмайды, тіпті, әдеби мағынасы мен эстетикалық қасиеттерін ашу да оның басты мақсаты болмағандығын айта кету керек. Ол оларға психоанализ тұрғысынан қарайды және талдайды.

Фрейд өз жұмысының басында әсемдік жайлы іліммен айналысуды мақсат етпейтіндігін айтады, себебі ол эстетиканың міндеті болып табылады. Автор эстетиканың тек ғана жағымды, сұлулық, әдемілік ретінде қабылданатындығына назар аударады. Дегенмен әдетте эстетика бойынша арнайы әдебиеттерде қараусыз қалдырылған, әлдеқайда шеттетілген ұғымдар бар. Мұндай аумақ «тылсым» немесе «сұмдық» аумағы болып табылады.

Осыған орай, Фрейд былай дейді: «Эстетика тылсым мәселесімен айналыспайтындықтан, онымен психоанализдің айналысуына тура келеді. Бұл сөз түсініктемесі, әлдебір қорқыныш пен үрейге әкелетін нәрсеге жатады; әрдайым нақты мағынасын түсіндіруге келе бермейтін ұғым. Тылсым, Фрейдтің пайымдауынша, үрку, қорқыныш немесе үрей тудыратын қатерлермен байланысты. 3. Фрейд бұл зұлымдықты тануға мүмкіндік беретін оның өзегін анықтауға тырысады. Ол сұмдық, тылсым сезімін тудыратын нәрсеге талдау жасайды.

Фрейдтің «Тылсым» шығармасынан үзінділер келтірейік. «Қиялдағы ойдан құрастырылған тылсым және әдебиеттегі тылсым, шынымен де, ерекше талдауды қажет етеді. Біріншіден, ол алаңдаудағы тылсымнан да бай, ол толығымен соңғыны қамтиды және сонымен қатар, басқа да шынайы өмірде болмайтын жағдайларды қамтиды. Шынайы өмірдегі және әдеби шығармадағы тылсым екі түрлі дүние. Себебі қиялдағы тылсым ешқандай тексеру мен дәлелді қажет етпейді. Бұдан шығатын парадоксті тұжырымдамамыз мынадай: әдебиет саласында шынайы өмірде орын алатын тылсымдай тылсым болмайды. Дегенмен әдебиетте өмірде кездеспейтін, тылсымды тудыратын көптеген мүмкіндіктер бар», – дейді. Әңгіме – қудаланған инфантильді комплекс, кастрациялық комплекс, ана құрсағында болу фантазиясы және басқа да шын уайымдар жайлы. Алайда тылсымның бұл түрлері жиі кездесе бермейді. Алаңдаудағы тылсым бірінші топқа жатады, бірақ теория үшін тылсымның екі топқа бөлінуі маңызды. Инфантильді



комплекске қатысты тылсымда материалдық, шынайылық жайлы сұрақ тіпті қозғалмайды, оның орнында психикалық шынайылық бар. Бір мазмұнның шынымен ығыстырылуы және ығыстырылғанның қайтарылуы, бірақ бұл мазмұнның шындығына сенімнің болмауы туралы емес.

Бұл жерде тылсым ығыстырылып, кейін қайта қайтарылған әлдене болуы мүмкін және барлық тылсымның осы шартты орындауы да ғажап емес. Бірақ мұндай іріктеме тылсымның барлық жұмбақтарының шешімін таба алмайды.

### **Фрейдтің «Тылсым» және «кастрация комплексінің» мәні жайлы түсінігі**

Өз жұмысында Фрейд тылсымды екі жақтан қарастырады. Мұнда біз әрқашан кем дегенде, екі жол ұсынатын Фрейдке тап боламыз. Психоанализдің бірінші жолы айқын – лингвистикалық. Лингвистика психоанализдің негізі, сондықтан таңғаларлық ештеңе жоқ. Екінші жолы – тылсым сезімдер әсерін тудыратын объектілерді қарастыру. Фрейдтің бұл жұмысындағы негізгі ұғымдардың бірі – «кастрация комплексі» болып табылады. Фрейд мұның мағынасын қалай түсіндіреді? Ол оны қалай түсінеді? Кастрация комплексі – классикалық психоанализ тұжырымдамаларының бірі болып табылады. Психологиялық энциклопедияларда «кастрация комплексіне» мынадай анықтама беріледі: Кастрация комплексі – баланың ересектер тарапынан жыныс мүшесінің кем дегенде, жартысынан айыру қауіпін сезіну кезіндегі реакциясы ретінде туындайтын комплекс, жыныс мүшесінен айырылу қорқынышы. Бұл қыздар тарапынан сәйкестендіру кезінде ерлердің жыныс мүшесіне деген қызғаныштан туындайды. Бұл классикалық психоанализ тұжырымдамаларының бірі, ол өзінің танымдық әрекетінің барысында ашатын анатомиялық айырмашылық жайлы, бала тәжірибесінің жиынтығын білдіреді. Кастрация комплексі, Фрейдтің инфантильді сексуалдыққа, түрлі балалық қорқыныштар мен Эдип комплексінің құрылуы мен бұзылуына, психоаналитикалық тұрғыдан қарауға мүмкіндік берген психоанализдің негізгі бөлімі болды. Кастрация жайлы алаңдаушылық – жыныс мүшесін жарақаттаудан немесе жоғалтудан болатын қорқыныш; ол Зигмунд Фрейдтің ерте психоаналитикалық теорияларының бірі. Фрейд кастрация мазасыздығын адамның әмбебап тәжірибесі ретінде қарастырғанымен, осы тақырып бойынша бірнеше эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеудің көп бөлігі бірнеше онжылдық бұрын жүргізілсе де, бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтпады. Бұл теорияның негізі – баланың анасына деген жеңсізқұмар сезімдері үшін жаза ретінде өз әкесінің қолымен жыныс мүшесінің жарақатталу қорқынышының болатындығында. Кастрацияның алаңдаушылығы 3–5 жастан басталады деп болжанған, Фрейдтің айтуы бойынша бұл дамудың фалликалық сатысы деп аталады.

«Тылсым» объектіні түсіндіру үшін ол «Құмды адам» деп аталатын Эрнст Теодор Амадеус Хоффманның әдеби шығармасын алады. «Гофман, – дейді Фрейд – ұлы бейсаналы психоаналитик. Ол осы психологиялық құрылғыны өз фантастикалық романдарында бірнеше рет және табысты пайдаланды».

Әрі қарай, Фрейд «Құм адам» романынан үзінді келтіреді: «Бұл фантастикалық әңгіме студент Натаниэлдің балалық шақ естеліктерімен басталады. Ол қазір бақытты болғанымен, сүйікті әкесінің тылсым да қорқынышты өлімі жайлы естеліктерді жадынан өшіре алмайды. Кей кездері анасы балаларды «Құм адам келе жатыр» деп қорқытып, ертерек ұйықтататын; расында да Натаниэл қонақтың гүрсілдеген адымдарын естіп жатар еді, ал әкесі кеш бойы соның жанынан шықпайтын. Құм адам жайлы сұрағанда, оның анасы бұл жай ғана сөздің реті солай, ешқандай да Құм адам жоқ деп қоя салатын. Бірақ күтушісі анағұрлым толық ақпарат беретін еді. Ол: «Бұл сондай зұлым адам, ұйықтағысы келмеген балаларға келіп, көздеріне бір уыс құмды шашып жібереді, сонда баланың көз-жанары қанға боялып, ұясынан атып шығады. Сосын Құм адам көздерді дорбасына салып, балаларына беру үшін жарты айға көтеріп әкетеді. Ал оның ұясында шуылдасып отырған үкітұмсық балалары, сол қисық тұмсықтарымен тіл алмайтын балалар мен қыздардың көздерін шұқылайды» дейтін.

Натаниэл Құм адамның мұндай қорқынышты қасиеттеріне сене қоятындай емес, айтарлықтай ересек және ақылды бала болса да, ол жайлы қорқыныш жүрегінде ұялап



қалған еді. Құм адамның түрі қандай екенін көргісі келіп, ол бірде әкесінің жұмыс бөлмесінде тығылып қалады; қонақтың заңгер Коппелиус екенін анықтайды, бұл өзі ара-тұра кешкі асқа келгенде балалар үркіп қарайтын қорқынышты адам еді; солайша Коппелиусты Құм адам деп ойлайды. Көрініс одан әрі қалай дамиды десек, қаламгер біздің ойымызға күмән ұялатады, оқып отырғанымыз үрей құрсауындағы баланың қиялы ма, әлде әңгіменің ойдан шығарылған әлеміндегі шынайы оқиға ма деген тұсы бұлдыр, айқын емес. Әкесі мен қонақ алаулаған ошақтың жанында жұмыс істей бастайды. Кішкентай тыңшы Коппелиустың: «Әкел көзді! Әкел көзді!» дегенін естиді де, шошығаннан шыңғырып жібереді. Коппелиус оны ұстап алып, ошақтан қызарған шоқтарды алып, көзіне шашып жібермекші, сөйтіп мұның жанарын отқа тастамақшы болады. Алайда осы тұста әкесі араша түсіп, «баланың көзін қалдыр» деп жалынады. Бұдан кейін бала естен танып қалады және бұдан былай жанынан қалмайтын созылмалы ауруға шалдығады.

Фрейд Гоффманның бұл туындысына өзіндік түсініктемесін береді. Натаниэль желісіне байланысты ол мынадай сұрақ қояды: «Неге Құм адамға байланысты туындаған қорқыныш, көз жоғалту қорқынышы, әкесінің қайтыс болуымен байланысты?»

Новеллада Құм адам ретінде сипатталатын Коппелиус, бас кейіпкердің балалық шағынан бері келе жатқан қорқыныш және үрей сезімін тудырады. Бұл бір мезгілде бөтен, құпия және санадан қудаланған, өшірілген репрессия механизмі ретіндегі құбылыс ерекшеліктерімен сипатталады. Қорқыныш кейіпкердің қабылдауындағы когнитивті диссонанстың пайда болуымен байланысты. Бірақ бұл сезім кейіпкердің сана-сезімінен Фрейдтің репрессияланған, не қуғын-сүргінге ұшыраған немесе бас тартқан деп атайтын ығыстыру механизмі арқылы жойылды. Ғалым Натанаэльдің көз жоғалту қорқынышын кастрация комплексімен байланыстырады. Жалпы Гоффман романының кейіпкерінің тағдыры, оның қорқынышы, ауруы, өлімі, оның бала кезінде пайда болған Құм адам бейнесіне негізделеді.

Фрейд: «...көзден айырылу, зағип болып қалу қорқынышы кастрация қорқынышының баламасы болып табылады. Аңыздағы қылмыскер Эдиптің өзін соқыр қылатыны, кастрация жазасының жеңілдетілген түрі ғана еді. Рационалдық ойлау процесіне сүйеніп, көзден айырылу жайлы қорқыныш кастрациядан шығатынын жоққа шығаруымыз мүмкін. Себебі көз секілді бағалы мүшенің, өзіне сәйкес әлеуетпен қорғалуы керек деп таласуға болады. Тіпті кастрациядан қорқудың өзінің ешқандай жасырын мағынасы жоқ және ол бар болғаны осы сипаттағы, бағалы мүшеден айырылу алдындағы рационалды қорқыныш қана деп айтуға да болар еді. Бірақ бұл түстер, аңыздар мен фантазиялардағы көз бен ер адамның мүшесінің арасындағы қатынасты; сол сияқты, осы сипаттағы қорқыныштың ерекше қорқынышты және күңгірт сезімдер тудыратыны – жыныс мүшелерінен айырылу екенін және басқа мүшелерден айырылу алдындағы үрейді қоюлататын да осы жағдай екенін тиісінше есепке алмайды. Невротик емделушілердің жағдайын талдап, «кастрациялық комплексінің» детальдарын және оның науқастар өміріне қаншалықты әсер ететінін анықтағанда бұл мәселеге қатысты күмәннің бәрі сейіледі.

«Біз «Құм адамы» жайлы тылсым құбылысын баланың кастрация алдындағы қорқынышына теңестіретін едік», – дейді Фрейд.

Кастрация комплексі – психосексуальдік дамудың үшінші кезеңінде ұл балалар мен ересек ерлерде туындайтын бейсаналық қорқыныш.

Фрейдтің айтуынша кастрация комплексі Эдип комплексінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тұжырымдаманы З. Фрейд енгізді. Фрейд «тылсымды» санадан ығыстырылып, кейін қайта оралған құбылыстар ретінде сипаттайды. Бірақ мұндай іріктеме Тылсымның жұмбақтарын шешпейді.

Сірә, біздің жағдайымыз қайтарымсыз: себебі, барлық қудаланған қалау импульстары мен жекелеген тарихи ойлау тәсілдерінің бәрі әрдайым тылсым бола бермейді. Гоффманның «Құм адамында» ескі балалық қорқыныштың оянуы туралы айтылады.

Әдебиеттанушы А.Г. Аствацатуров Натаниэльдің балалық шағынан келе жатқан қорқынышына өзіндік түсініктемесін береді. Оның фобиясының механизмін былай түсіндіреді: «Балаларды тәрбиелеу мақсатымен тыңдамайтын балаларды әдептілікке шақыру мақсатында қолданылатын ертегі, зұлым кейіпкерлер образын береді. Сол секілді Құм адамы да, Натаниэльдің балалық психикасын жарақаттайтын символға айналады».



Коппелиус отбасындағы бейбітшілікті бұзады және бақытсыздық пен жазалау қорқынышын әкеледі. Көзінен айырылу қорқынышы тек физикалық ауруды тудырмайды. Ол Натаниэль үшін жан дүниесінің ауруымен де байланысты болды. XIX ғасырдағы неміс түсіндірме сөздіктері көз сөзіне бірнеше түсініктеме береді: 1) ол биологиялық мақсатқа сәйкес, сыртқы әлемнің құбылыстарын, қабылдайтын, ажырататын және жіктеуге мүмкіндік беретін сезім мүшесі, 2) таным метафорасы, жан айнасы. Көзіне қарап, адамның жүрегінде болып жатқан нәрсені оқи аласыз.

Көздер – адамның ішкі әлемінің айнасы. Дәл осы функционалдық аймақта, яғни шынайы өмірді қабылдау және ішкі әлемді тану аймағында Натанаэлдің психикасының бұзылуы жүзеге асады. Қорқынышты кескіннің санаға ену процесі бірте-бірте басталады: біріншіден, ол алдын ала буалдыр сезімдерде, бейсаналық толқуларда көрінеді. Содан кейін бұл бейне сананы орасан зор күшпен билей түседі және уақыт оны жадыдан шығара алмайды. Сондықтан Натанаэль оны өзінен алыстата алмайды.

### Фрейд идеясындағы қайшылықтар

Фрейдтің ілімі, ол қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өткеннен кейін де таласқа түседі немесе жоққа шығарылады. Оның зерттеушілерінің ойынша осы мақаладағы Фрейдтің жұмысының әлсіз нүктесі мыналар болып табылады: Фрейд Гоффманның өз шығармасындағы әке бейнесіне қатынасын, Гоффманның өзінің әкесінің отбасын тастап кетуінен, оның әкесінен ерте айырылуымен түсіндіреді. Гоффман бала кезінде бақытсыз отбасында өскен бала еді. Оның үш жасар кезінде әкесі отбасын тастап, қайта оралмады. Гоффманның шығармаларының кіріспесінде келтіретін оның биографтарының мәліметтеріне сәйкес, ғалымның әкесіне қатынасы ең бір ауыр сезімдерінің бірі болған.

Фрейд Гоффманның шығармасын егжей-тегжейлі талдайды, бірақ, оны психоаналитикалық түсініктеме үшін пайдаланады. Ол кейіпкері мен жазушыны біріктіре қарайды. Сонымен қатар, жұмысты филологиялық талдау назардан тыс қалады. Гоффманның шығармасындағы кейіпкер Натаниэль образы – ол әдеби образ, негізінен готикалық роман және романтикалық повестер заңдылығына сай құрастырылған бейне. Әдеби образ Фрейдтің мақаласында шынайы адам ретінде, яғни Фрейд өзінің әлдебір науқасының бейсанасына сілтеме жасай отырып, оның ауру тарихын сипаттағандай көрініс табады.

Джулия Ривкин және Майкл Райан былай деп жазады: «мұнда Фрейд, «кастрация» және кастрация комплексі секілді өте күмәнді идеялардың әлеуметтік нұсқасына меңзейді. Бұл нұсқалар қорқыныш жайлы кішкентай балаларға арналған тарихи және жергілікті мәдени ертегілерді, жаңылыс, психологиялық және антропологиялық принциптерге айналдырады. Әлеуметтік тұрғыда, Фрейдтің «кастрация қорқынышы» деп атаған түсінігінің, әр жасөспірімнің ересек сексуалды өмірге қадам басқандағы қорқынышы кезінде қате талқыланып, дұрыс қабылданбауына әкеліп соқтырады. Жоғалтып алу туралы алаңдаушылық ересектердің жыныстық сәйкестілігінің әлеуметтік идеалының талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігі туралы алаңдаушылықпен көбірек жалғасуы керек.